	В) $\approx 4,8 \cdot 10^{-19}$ Дж С) $\approx 2,5$ эВ Д) ≈ 4 эВ Е) ≈ 3 эВ F) ≈ 2 эВ G) $\approx 4 \cdot 10^{-19}$ Дж H) $\approx 6,4 \cdot 10^{-19}$ Дж ЖКШ-1 1-28. Цинкке толқын ұзындығы 185 нм сәулелену түскенде, одан ұшып шығатын фотоэлектрондар үшін тежегіш кернеу 2,42 В. Егер толқын ұзындығы 254 нм болса, тежегіш кернеу ($h = 6,63 \cdot 10^{-34}$ Дж·с, $c = 3 \cdot 10^8$ м/с), А) 1760 мВ В) 0,6 В С) 0,202 В Д) 303 В Е) $600 \cdot 10^{-3}$ В F) 0,303 В G) 606 В H) 1,76 В ЖКШ-2 2-28. Жиілігі $2 \cdot 10^{15}$ Гц жарық түсіргенде, литийден шыққан электрондардың максимал кинетикалық энергиясы ($h = 6,62 \cdot 10^{-34}$ Дж·с, $A = 3,84 \cdot 10^{-19}$ Дж) А) $1 \cdot 10^{-20}$ Дж В) $12,04 \cdot 10^{-19}$ Дж С) $1,88 \cdot 10^{-18}$ Дж Д) $1,88 \cdot 10^{-19}$ Дж Е) $9,4 \cdot 10^{-19}$ Дж F) $15 \cdot 10^{-19}$ Дж G) $1,3 \cdot 10^{-29}$ Дж H) $9,4 \cdot 10^{-22}$ Дж	В) β-бөлшектер; С) γ-бөлшектер; Д) үшеуінің де бірдей; Е) дұрыс жауап жоқ 13. Толқын ұзындығы $6 \cdot 10^{-7}$ м болатын жарық квантының энергиясы неге тең? ($h = 6,62 \cdot 10^{-34}$ Дж·с, $3 \cdot 10^8$ м/с) А) $6 \cdot 10^{-18}$ Дж; В) $3 \cdot 10^{-19}$ Дж; С) $4 \cdot 10^{-18}$ Дж; Д) $5 \cdot 10^{-16}$ Дж; Е) $7 \cdot 10^{-18}$ Дж. 14. Толқын ұзындығы $1,6 \cdot 10^{-8}$ м сәуле фотонының импульсі ($h = 6,62 \cdot 10^{-34}$ Дж·с) А) $0,414 \cdot 10^{-26}$ кг·м/с; В) $41,4 \cdot 10^{-26}$ кг·м/с; С) $4,14 \cdot 10^{-26}$ кг·м/с; Д) $414 \cdot 10^{-26}$ кг·м/с; Е) $4140 \cdot 10^{-26}$ кг·м/с. 15. Қандай прибордың әсері сыртқы фотоэффект құбылысына ғана негізделген? А) фотодиод; В) фотокедергі; С) электрондық шам; Д) фотоэлемент; Е) дұрысы жоқ. 16. Егер электронның металдан шығу жұмысы $3,3 \cdot 10^{-19}$ Дж болса, фотоэффект тудыратын ең аз жарық жиілігі қандай болады? ($h = 6,62 \cdot 10^{-34}$ Дж·с) А) $3 \cdot 10^9$ Гц; В) $2 \cdot 10^{-14}$ Гц; С) $5 \cdot 10^{14}$ Гц; Д) $4,5 \cdot 10^{-14}$ Гц; Е) $6 \cdot 10^{-14}$ Гц. 17. α-бөлшектің құрамы қандай? А) 2 протон және 2 нейтрон; В) 2 протон және 2 электрон; С) протон және нейтрон; Д) протон және 2 нейтрон; Е) протон және электрон; 18. Жарықтың металл бетінен 1с ішінде ыршытып шығаратын электрондарының мөлшері сол уақыт ішінде жұтылатын жарық қандай шамаға тура пропорционал А) толқынның жиілігіне; В) тежеуші кернеуге;				
--	---	---	--	--	--	--

		ЖКШ-3 6-28. Лазер 100 Вт қуат тұтына отырып толқын ұзындығы 600 нм жарық шығарады. Лазердің ПӘК-і 0,1% болса, оның бір секундта шығаратын фотондары ($h = 6,63 \cdot 10^{-34}$ Дж; $c = 3 \cdot 10^8$ м/с) A) $3 \cdot 10^{17}$ B) $2,4 \cdot 10^{17}$ C) $3,5 \cdot 10^{17}$ D) $2 \cdot 10^{17}$ E) $0,3 \cdot 10^{18}$ F) $0,1 \cdot 10^{18}$ G) $0,2 \cdot 10^{18}$ H) $1 \cdot 10^{17}$	C) толқынының энергиясына; D) толқының жылдамдығына; E) интенсивтігіне. 19. Абсолют қара дененің температурасы 2 есе артса, оның сәуле шығару қабілеті қалай өзгереді? A) 2 есе кемиді; B) 2 есе артады; C) 16 есе артады; D) 16 есе кемиді; E) 4 есе артады. 20. Сыртқы фотоэффект дегеніміз не? A) жарықтың әсерінен электрондардың сұйық және қатты дене бетінен босап шығу құбылысы; B) атом ядросының гамма-кванттарды жұтқанда нуклондардың ядродан ыршып шығуы; C) шалаөткізгіш және металлдардың контактілеріне сәуле түсіргенде ЭҚК-тің пайда болуы; D) жарықтың әсерінен қатты денелердің электр өткізгіштігінің өзгерісі; E) дұрыс жауап жоқ. 21. Өз-өзінен ерекше сәуле шығарып тұратын химиялық элементтерді қалай айтады? A) атомдық; B) электромагниттік; C) электрлі; D) радиактивті; E) полярлі. 22. Егер сутек атомындағы электрон спектрдің көрінетін облысында жиілігі ең кіші толқын шығарса, онда ол қай стационар күйден қай стационар күйге ауысқан? A) екіншіден біріншіге; B) үшіншіден біріншіге; C) үшіншіден екіншіге; D) төртіншіден біріншіге; E) төртіншіден екіншіге. 23. Электрондардың платинадан шығу жұмысы $9,1 \cdot 10^{-19}$ Дж. Толқын ұзындығы 0,5 мкм жарық платинадан жұлып шығарған электрондарының максимал кинетикалық энергиясы қандай? ($h = 6,62 \cdot 10^{-34}$ Дж·с, $3 \cdot 10^8$ м/с) A) $4,2 \cdot 10^{-19}$ Дж; B) $2,1 \cdot 10^{-19}$ Дж; C) $7,4 \cdot 10^{-19}$ Дж; D) $1,1 \cdot 10^{-19}$ Дж; E) мұндай жарық платинадан электрондарды				
--	--	--	--	--	--	--	--

			жұлып шығара алмайды. 24. Көмір ¹⁴C ⁶ изотобының ядросындағы Z протондар саны мен N нейтрондар саны: A) Z=14, N=6; B) Z=6, N=6; C) Z=8, N=6; D) Z=6, N=8; E) Z=6, N=14. 25. Электрондардың вольфрамнан шығу жұмысы 4,5эВ. Фотоэлектрондардың ең үлкен жылдамдығы 1000км/с болу үшін вольфрам бетіне түсірілетін жарықтың жиілігі (1эВ=1,6·10⁻¹⁹ Дж, 9,1·10⁻³¹ кг, h=6,62·10⁻³⁴ Дж·с) A) 1,8·10¹⁵ Гц; B) 7,5·10¹⁴ Гц; C) 18·10¹⁵ Гц; C) 15·10¹⁵ Гц; D) 7,5·10¹⁵ Гц;				
9	ОН-9. «Нанотехнология және наноматериалдар»	Наноматериалдардың физикалық қасиеттерін және оларды алудың жолдарын сипаттайды; Нанотехнологияның қолданылуын атайды, біледі.	Нанотехнологияның негізгі жетістіктері, өзекті мәселелер және даму кезеңдері; наноматериалдар.		2	2	
	Тапсырмалар:						

		   					
10	ОН-10. «Космология»	Жұлдыздардың басты спектрлік класын сипаттайды;Көрінерлік жұлдыздық шама және абсолют жұлдыздық шама ұғымдарын ажыратады;Күннің сәулеленуін сипаттау үшін Стефан-	Жұлдыздар әлемі; жұлдызға дейінгі қашықтық; айнымалы жұлдыздар; Күн-Жер байланыстары; жұлдыздардың планеталық жүйелері; Жер топтарындағы планеталар және гигант-планеталар; Күн жүйесіндегі		2	2	

		Больцман және Винн заңдарын қолданады; Жұлдыздар эволюциясын түсіндіру үшін Герцшпрунг-Рассель диаграммасын қолданады; Ара қашықтықты анықтау үшін, "қарапайым май шамдар" әдісін пайдалануды сипаттайды; Әлемнің жеделдеуі мен қара энергия туралы өз пікірін айтады; Хаббл заңын қолданып, Әлемнің жасын анықтайды; Микротолқынды фондық сәулелену туралы ақпаратты қолданып, Үлкен Жарылыс теориясын түсіндіреді	кіші денелер; біздің Галактика; басқа Галактикалардың ашылуы; квазарлар; Үлкен жарылыс теориясы; қызыл ығысу және Галактикаға дейінгі қашықтықты анықтау; Әлемнің ұлғаюы; Әлемнің эволюциясының негізгі кезеңдері; әлемнің моделдері; өмір және Әлем туралы ойлар; адамзаттың космостық болашағы және космосты игеру.				
	Тапсырмалар:	1. Астрономиялық денелерге жататыны: А) Жұлдыздар В) планеталар С) кометалар Д) аметистер Е) Метеориттер 2. Меркурий құрлымы, рельефі, жылуөткізгіштігі бойынша ұқсас: А) Шолпанға В) Айға С) Марсқа Д) Юпитерге Е) Нептунға 3. Дүние полюсі бұл: А) Жердің солтүстік полюсі	31. Планетаның массасын анықтауға болады: А) Кеплердің бірінші заңы бойынша В) Кеплердің ІІ заңы бойынша С) Кеплердің ІІІ заңы бойынша Д) Кеплердің ІІ және ІІІ заңы бойынша Е) Кеплердің жалпылама заңы бойынша 32. «Булану эффектісі» салдарынан температураның тәуліктік ауытқуы болмайтын күн жүйесіндегі планета: А) Меркурий В) Шолпан С) Марс Д) Юпитер Е) Сатурн 33. Кеплердің екінші заңы- А) планетаның күннен алыстығы В) планета қозғалыстарының бірқалыпты емес				

	В)жердің оңтүстік полюсі С)Дүние осі мен аспан сферасының қиылысу нүктесі Д)жердің географиялық солтүстік полюсі Е)Жердің географиялық оңтүстік полюсі 4)Ғаламға кірмейтіндер: А)Жұлдыздар В) Планеталар С) Әлем Д)кометалар Е)астероидтар 5.Экваторлық координаталар- А)еңістік пен тура көтерілу. В)Ендік және бойлық С)азимут және биіктік Д) азимут және тура көтерілу Е) еңістік және ендік 6.Астрономиялық ең негізгі зерттеу құралының атауы: А)Микроскоп В) Телескоп С) Линза Д) Окуляр Е) Дүрбі 7.Жер тобының ғаламшарларына кірмейтіні: А)Юпитер (Есекқырған) В)Марс (қызыл жұлдыз) С) Жер Д)Венера Е)Меркурий 8.Бір меридианда орналасқан	екендігін анықтайды С) планета қозғалыстарының бірқалыпты екенін анықтайды Д) планета орбитасының пішінін анықтайды Е) планеталардың орбиталық периодтарымен олардан күнге дейінгі қашықтық арасындағы байланысты анықтайды. 34. Шоқжұлдыз дегеніміз: А) аспанның нақты шекарасын анықталған белгілі бір бөлігі В) аспан денелерінің ас пан сферасында орналасуы С) жарық жұлдыздар Д) солтүстік жарты шардағы жұлдыздар жиынтығы Е) экватордағы жұлдыздар жиынтығы 35. Жұлдыздың жарықтылығын сипаттайтын ұғымды көрсетіндер: 1) көрінетін жұлдыздық шама 2) көрінетін сәуле шығару 3) жарқырау А)2 В)1,2 С) 3 Д) 2,3 Е) 1 36. Айдың ауысу фазасының ұзақтығы 29,53 тәулік.Бұл перидо (мерзімі)- 1) синодтық ай 2) сидерлік ай 3)тропиктік жыл А) 2 В) 3 С)1,3 Д) 1 Е) 2,3 37. Кеплердің үшінші заңының математикалық өрнегі- А) А) В) С) Д) Е) 38.Погсон формуласы жұлдыздық шамалар арасындағы келесі байланысты өрнектейді: А) жұлдыздардың масса аралығындағы байланыс				
--	--	--	--	--	--	--

	мекендердегі уақыт атауы: А) Жергілікті В) белдеулік С) декреттік Д) жаздық Е) Гринвичтік 9. Астрономия пайда болды: А) қызығушылықтан В) физикадан С) адамдардың тағдырын боолжау үшін Д) уақытты өлшеу үшін және аспан денелерінің қозғалысын бақылау үшін Е) Жаңа материалды алу үшін 10. Айда атмосфера жоқ, себебі: А) айда газ тәрізді заттар жоқ. В) ол -170°C түнгі мерзім кезінде қатаяды С) Айда ауырлық күші жердегіден аз, сондықтан газ молекулаларын ұстап тұра алмайды Д) онда молекулалар жылдамдығы жердегіден аз Е) Жердің тартылысы айдың атмосферасын жұтады. 11. Қазақстанда қолданылатын күнтізбе: А) Григориан уақыты В) Юлиан уақыты С) ай уақыты Д) күн уақыты Е) жұлдыздық уақыт 12. Күн жүйесіндегі планеталардың	В) жұлдыздардың жалтырлығы мен олардың жұлдыздық шамалары арасындағы байланыс С) екі жұлдыздың жалтырлығы арасындағы байланыс Д) Үш жұлдыздың жалтырлығы мен массалары арасындағы байланыс Е) екі жұлдыздың шамалары арасындағы байланыс 40. Күн мен түннің алма-кезек ауысуының басты себебі: А) жердің осінің төңірегінде үздіксіз айналуы В) жердің Күн төңірегінде айналуы С) жердің өз осінің және Күн төңірегінде үздіксіз айналуы Д) күннің батуы мен шығуы Е) айдың Жер төңірегінде айналуы 41. жер тобында серіктері бар планеталар- А) Меркурий, Жер В) Шолпан, Марс С) Жер, Шолпан Д) Марс, Меркурий Е) Жер, Марс 42. Аспан сферасының үлкен дөңгелегінде өтетін көрінерлік жылдық қозғалыс-бұл А) зодиакты белдеу В) эклиптика С) аспан экваторы Д) негізгі аспан меридианы Е) нақты көкжиек 43. Сұрапыл жел мен шаңның жылдамдығы 100 м/с-қа дейін болатын планета: А) Марс В) Жер С) Шолпан Д) Меркурий				
--	--	---	--	--	--	--

	орбитасыне тәріздес болып келеді: А) Эллипс В) Шенбер С)Парабола Д)Эллипс және парабола Е)Гипербола 13.Метеориттер планеталардың атмосферасында жанады,себебі: А) атмосферада оттегі болғандықтан В)атмосфера температурасы ғарыш кеңістігінің температурасынан жоғары С)Метеориттердің температурасы ауадағы қозғалыс үйкелісінен он мыңдаған градусқа дейін көтеріледі Д) метеориттердің жылдамдығы үлкен болғандықтан Е) Метеориттер жанып кетпейді,олар атмосфераға кірген кезде шашырайды. 14.Ауысым мерзімінің халықаралақ сызығы –бұл: А)180 меридианы В) Гривинч меридианы С) 90Меридианы Д)90 параллелі Е) Экваторы 15.Аспанның нақты шекарасы анықталған белгілі бір бөлігі- А)аспан сферасы В)жұлдыздар С)шоқжұлдыз Д)күн жүйесі Е) аспан денелері 16.жерден бақылаған аспан денесінің бұрыштық диаметрі 4есе артты.Себебі	Е)Жер және Шолпан 44.Белгілі бір орында жылдың кез келген күні мен тәуліктің әр сәтінде жұлдызды аспанның көрінісі анықтау үшін қолданылады: А) аспан сферасының атласы В) астрономиялық күнтізбе С) телескоп Д) жұлдызды аспанның жылжымалы картасы Е)жұлдыздар каталогы 45.Эклиптика –бұл: А) шоқжұлдыз белдеуі В) планетаның белдеуі С) күннің аспан сферасы бойынша жылдық жолы Д) айдың траекториясы Е) планеталардың қозғалыс траекториясы 46.Полярлық бөлігі бар планеталар: А) Меркурий мен Шолпанда В) Тек қана Меркуртйде С) Тек қана Шолпанда Д) Жерде,Марста Е) Тек қана Жерде 47.Аспан меридианы арқылы өту кезіндегі шырақтардың көкжиектен ең жоғары орналасуы аталуы: А) жоғары шарықтау В) зенит С) биіктік Д) төменгі шарықтауы Е) тура көтерілуімен 48. Әлемнің гелиоцентрлік жүйесінің негізін қалаушы: А) К. Птолемей				
--	---	---	--	--	--	--

		дене мен Жер арасындағы қашықтық: А) 4 есе артты В) 4 есе кеміді С) 2 есе артты Д) 2 есе кеміді Е) 8 есе кеміді 17. Егер жердің массасын өзгертпей, диаметрін екі есе кемітетін болсақ, онда жердің адамға әсер етуші күші А) 4 есе артады В) 2 есе артады С) Өзгермейді Д) 2 есе кемиді Е) 4 есе кемиді 18. Ғарыш кеңістігіндегі жекеленген денелерде немесе денелер жүйесінде болып жатқан құбылыстарды зерттейтін ғылым атауы: А) физика В) химия С) астрономия Д) биофизика Е) геология 19. Төмендегі дәлелдеменің гелиоцентрлік теорияда мүмкін емесі: А) күн шар тәріздес формада болады В) жер шар тәрізді формада болады С) планеталар күнді айнала қозғалады Д) планеталар жерді айнала қозғалады Е) жер өз осімен айналады 20. Барлық тұжырымдамалардың геоцентрлік жүйеге қатысы жоғы:	В) Д. Бруно С) Н. Коперник Д) И. Кеплер Е) Тихо Браге 49. бақылаушы жер экваторында тұрса аспан экваторы көкжиекпен салыстырғанда қалай орналасқанын көрсетіндер. А) параллель В) 30^0 бұрыш жасай С) Перпендикуляр Д) Көкжиекпен сәйкес келеді Е) 45^0 бұрыш жасай 50. Күн жүйесінің денеге әрекет ететін ауырлық күшінің шамасының планетасын көрсетіндер. А) Марста В) Юпитерде С) Сатурнда Д) Нептунда Е) Уранда 51. Аспан сферасының тәуліктік қозғалу бейнесі мен жұлдызды аспан түрі тәуелді: 1) бақылаушының тұрған географиялық ендігіне; 2) күн кульминациясына 3) азимуттан және Күн биіктігінен А) 2 және 3 В) 1, 2 С) 3 Д) 2 Е) 1 52. Төмендегі тұжырымдардың гелиоцентрлік теорияның дұрыстығын дәлелдейтіні: А) күннің формасы шар тәріздес В) жердің формасы шар тәріздес С) планеталар күннің айналасында қозғалады Д) планеталар жердің айналасында қозғалады Е) жер өз осімен айналады 53. Аспанда барлығы неше шоқжұлдыз белгіленген: А) 78 В) 88 С) 100 Д) 48 Е) 31				
--	--	---	---	--	--	--	--

	А) жер осы жүйенің ортасында немес оған жақын орналасқан В) планеталар жерді айнала қозғалады С) күннің тәуліктік қозғалоысы жер айналасында болады Д) ай Күнді айнала қозғалады Е) жұлдыздың тәуліктік қозғалысы жер айналасында болады 21.Аспан денелері қозғалысын бақылауға арналған орын аталуы: А) консерватория В) обсерватория С) амбулатория Д) лаборатория Е) акватория 22.Ай бетінде сақина таулар-кратерлер пайда болу себебі: А) атмосферасы жоқ Айда метеориттер ай бетіне соғылып жарылады да, Ай топырағын жан-жаққа шашыратады. В) вулканның әсерінен С) айдағы процестердің нәтижесінен Д) кратерлер-ғылыми зерттеулердің нәтижесі Е) цивилизацияның ізі 23.Аспан денесіне қарағанда көру бағытана перпендикуляр орналасқан жер радиусы көрінетін бұрыш- А) параллакс В) көкжиектік параллакс С)вертикальді параллакс Д) базис	54. Радиусы анықталмаған жорамал сфера қалай аталады? А) аспан картасы В) жұлдызды аспанның жылжымалы картасы С) аспан сферасы Д) жер шары Е) аспан атласы 55. Көктемгі және күзгі күн теңелу нүктелері қай күндері өтеді? А) 23 наурыз 21 қыркүйек В) 21 шілде 23 желтоқсан С) 22 желтоқсан 21 шілде Д) 21 наурыз 23 қыркүйек Е) 22 қазан 21 желтоқсан 56. Астрономиялық бақылау бойынша уақыттың негізгі бірліктері... А) тәулік,ай,жыл В) қыс, жаз, күз, көктем С) сағат, секунд,минут Д) Ертең,бүгін, кеше С) таңерте, түс, кеш 57.Ұзақ уақыт аралығын есептеудің санақ жүйесі..... А) жыл В) уақыт С) мезгіл Д) күнтізбе Е) күнделік 58.Кеплердің бірінші заңы.... А) аудандар заңы В)планета орбитасының пішіні анықтайды С) күнге дейінгі қашықтықты анықтайды Д) Планеталардың орбиталық периодтарын анықтайды.				
--	--	---	--	--	--	--

	Е) параллакстық ығысу 24. Астрономияның бөлімдерін көрсетіндер: 1) Косманавтика 3)Космогония 2) Астрология 4)Космология А)2, 4 В)1,3,4, С)1,2 Д)2,3,4 Е)3,4 25.Марстағы заттар болатын күйді анықтаңдар. А) қатты,сұйық, газ тәрізді В) қатты, сұйық С) қатты және газ тәріздес Д)Сұйық және газ тәріздес Е)қатты 26.Айдың фазалық ауысуының ұзақтығы: А) сидерлік ай (жұлдыздық ай) В) синодтық ай (өліаралық ай) С) декада (онкүндік) Д) жаңа ай Е) ай уақыты 27. Күн жүйесінің құрамындағы планеталар саны: А)8 В) 10 С)11 Д) 9 Е) 7 28. Кеплер заңының жалпыламасы болатын формула-	Е)Планеталардың массасын анықтайды 59.бақылау нүктесінің орны ауыстырылған кезде қарастырылатын дененің орнының өзгеруі..... деп аталады. А) көкжиектік параллакс В)парсек С) параллакс Д) параллакстық ығысу Е)шарықтау 60.Көкжиектік координаталар жүйесінде шырақтың орны анықталады..... А) азимуты мен еңістігі В) биіктігі мен тура көтерілуі С) Еңістігі мен тура көтерілуі Д) тура көтерілуі мен азимуты Е) азимуты мен биіктігі 61.Орбитаның күнге ең жақын нүтесі... А) перигелий В) афелий С) перигей Д) апогей Е) жұлдыз 62. Орбитаның күнге ең алыс нүктесі.... А) перигелий В) афелий С) перигей Д) апогей Е) жұлдыз 63. Жасанды серіктердің ең таяу нүктесі... А) перигелий В) афелий С) перигей Д) апогей				
--	---	--	--	--	--	--

		А) В) С) Д) Е) 29.Күннің тұтылуының себебі... А) құбылмалы ауа райы В) жердің өз өсімен айналуы С) ай күн мен Жердің арасынан өткенде Күннің көзін кілегейлеп қалады.Осы кезде жер бетіне ай көлеңкесі түседі Д) күннің айналасында жердің қозғалысы Е) күннің, Айдың, Жердің өзара орналасуында Жер Ай бетіне көлеңкесін түсіреді 30.Алып планеталарға жатпайтын планетаны анықта. А)Юпитер В)Сатурн С) Марс Д)Уран Е) Нептун	Е) жұлдыз 64. Жасанды серіктердің ең алыс нүктесі... А) перигелий В) афелий С) перигей Д) апогей Е) жұлдыз 65.Бақылаушының дәл төбесіндегі нүкте А) надир В) нақты көкжиек С) шырақ вертикаль Д) дүниенің оңтүстік полюсі Е) зенит 66. Зенит пен надирді қосатын түзу..... А) Вертикаль сызық В) нақты көкжиек С) шырақ вертикаль Д) дүниенің оңтүстік полюсі Е) аспан меридианы 67.Математикалық көкжиек және аспан меридианы жазықтықтарының қиылысуында пайда болатын түзу.... А) вертикаль сызық В) нақты көкжиек С) шырақ вертикаль Д) дүниенің оңтүстік полюсі Е) талтүстік сызық 67.Қысқы күннің тоқырау нүктесі қай зодиак жұлдызың белгісімен белгіленеді? А) шаян В) тоқты С) торпақ Д) ешкімүйіз Е) егіздер				
--	--	--	---	--	--	--	--

			68. Жер орбита бойы мен күнді 365 тәул 5 сағ 48 мин 46с немесе 365,2422 тәулікте айналып шығады, мұндай мерзім қалай аталады? А) өліаралық ай В) жұлдызаралық ай С) Тропиктік жыл Д) тәулік Е) күнтізбе 69. Зенит деген не? А) сфераның ең шеткі нүктесі В) Сфераның жоғарғы нүктесі С) Сфераның төменгі нүктесі Д) Сфераның ортасы Е) Сфераның ішіндегі нүкте 70.Қай жұлдыздың биіктігін өлшеу арқылы географиялық ендіктің жуық мәнін есептеуге болады? А) Жетіқарақшы В) Темірқазық С) Үркер Д) Кассиопея Е) Таразы				
--	--	--	---	--	--	--	--

ОН-1. «Механика» тарауы бойынша

Ағымдағы оқу нәтижелерін бағалау критерийлері

Сандық эквивалент	Бағасы	Өлшеулер
«өте жақсы» бағасы	«А» бағасы	Қазіргі заманғы физиканың ролі туралы пікірін айтады және өз пікірін дәлелдейді;Тәуелсіз, тәуелді

		және тұрақты физикалық шамаларды анықтайды; Жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі графигін пайдалана отырып, теңудемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру формуласын қорытып шығарады; Жылдамдықтарды қосу мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңын есеп шығаруда қолданады; Қисықсыздықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтайды; Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын зерттейді. Денелердің бірнеше күш әсерінен болатын қозғалысы кезінде есептерді шешудің мүмкін болатын алгоритмін құрады; Инертті және гравитациялық массаның физикалық мағынасын түсіндіреді. Бүкіләлемдік тартылыс заңын есептер шығаруда қолданады; Материалдық дененің инерция моментін есептеу үшін Штейнер теоремасын қолданады; Айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестікті келтіреді Абсолют қатты дене мен материялық денелер жүйесінің массалар центрін табады; Себеп-салдар байланысын орната отырып, тепе-теңдіктің түрлерін түсіндіреді; Күштерді қосудың заңдылығын эксперименттік тексереді және күш шамасын тәжірибелік жолмен анықтайды. Импульс, энергия ұғымдарының мазмұнын ашады; Импульс пен энергияның сақталу заңдарын түсіндіреді; Импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолданады. Сұйықтар мен газдардың ламинарлық және турбуленттік ағыстарын сипаттайды; Үзіліссіздік теңдеуі мен Бернулли теңдеуін эксперименттік, сандық және сапалық есептер шығаруда қолданады; Торричелли формуласын эксперименттік, сандық және сапалық есептер шығаруда қолданады
	«А-» бағасы	Қазіргі заманғы физиканың ролі туралы пікірін айтады және өз пікірін дәлелдейді; Тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтайды; Жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі графигін пайдалана отырып, теңудемелі қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру формуласын қорытып шығарады; Жылдамдықтарды қосу мен орын ауыстыруды қосудың классикалық заңын есеп шығаруда қолданады; Қисықсыздықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтайды; Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын зерттейді; Материалдық дененің инерция моментін есептеу үшін Штейнер теоремасын қолданады; Айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестікті келтіреді; Импульс, энергия ұғымдарының мазмұнын ашады; Импульс пен энергияның сақталу заңдарын түсіндіреді; Импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолданады. Торричелли формуласын эксперименттік, сандық және сапалық есептер шығаруда қолданады
«Жақсы» бағасы	«В+» бағасы	Қазіргі заманғы физиканың ролі туралы пікірін айтады және өз пікірін дәлелдейді; Тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтайды; Қисықсыздықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтайды;

		Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын зерттейді; Материалдық дененің инерция моментін есептеу үшін Штейнер теоремасын қолданады; Айналмалы және ілгерілемелі қозғалысты сипаттайтын физикалық шамалардың арасындағы сәйкестікті келтіреді;. Импульс, энергия ұғымдарының мазмұнын ашады; Импульс пен энергияның сақталу заңдарын түсіндіреді; Импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолданады. Торричелли формуласын эксперименттік, сандық және сапалық есептер шығаруда қолданады
	«В» бағасы	Қазіргі заманғы физиканың ролі туралы пікірін айтады және өз пікірін дәлелдейді; Тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтайды; Қисықсыздықты қозғалыс кезіндегі траекторияның қисықтық радиусын, дененің тангенциалды, центрге тартқыш және толық үдеуін анықтайды; Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын зерттейді; Импульс, энергия ұғымдарының мазмұнын ашады; Импульс пен энергияның сақталу заңдарын түсіндіреді; Импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолданады.
	«В-» бағасы	Қазіргі заманғы физиканың ролі туралы пікірін айтады және өз пікірін дәлелдейді; Тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтайды; Көкжиекке бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалыс траекториясын зерттейді; Импульс, энергия ұғымдарының мазмұнын ашады; Импульс пен энергияның сақталу заңдарын түсіндіреді; Импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолданады
«Қанағаттанарлық» бағасы	«С» бағасы	Қазіргі заманғы физиканың ролі туралы пікірін айтады және өз пікірін дәлелдейді; Тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтайды; Импульс пен энергияның сақталу заңдарын түсіндіреді; Импульстің және толық механикалық энергияның сақталу заңын есептер шығаруда қолданады
	«С-» бағасы	Қазіргі заманғы физиканың ролі туралы пікірін айтады және өз пікірін дәлелдейді; Тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтайды; Импульс пен энергияның сақталу заңдарын түсіндіреді
	«D+» бағасы	Қазіргі заманғы физиканың ролі туралы пікірін айтады және өз пікірін дәлелдейді; Тәуелсіз, тәуелді және тұрақты физикалық шамаларды анықтайды; конспект жазумен шектеледі
«Қанағаттанарлықсыз» бағасы	«F» бағасы	Тақырып бойынша конспект жасайды, тақырыпты толық аша алмайды, тапсырманы оқытушы көмегімен орындайды

ОН-2. «Жылу физикасы» тарауы бойынша

Ағымдағы оқу нәтижелерін бағалау критерийлері

Сандық эквивалент	бағасы	Өлшеулер
«өте жақсы» бағасы	«А» бағасы	Молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясы мен температураның байланысын сипаттайды;МКТ негізгі теңдеулерін есептер шығаруда қолданады. Идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолданады;Тұрақты температура кезінде қысымның газ көлеміне тәуелділігін (Бойль-Мариотт заңы) анықтайды;Тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температураға тәуелділігін (Гей-Люссак заңы) анықтайды.Тұрақты көлем кезінде қысымның газ температурасына тәуелділігін (Шарль заңы) анықтайды; Газ заңдарын сандық және графиктік есептерді шығаруда қолданады.Бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолданады;Термодинамиканың бірінші заңын изопроцестер мен адиабаталық процестерге қолданады;Идеал жылу қозғалтқышы үшін Карно циклін сипаттайды;Жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті формуласын есептерді шығаруда қолданады Гигрометр мен психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды; Сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі әдістермен анықтайды; Әртүрлі қатты денелердің мысалдарында кристалл және аморфты денелердің құрылысын ажыратады; Серпімді деформация кезіндегі Юнг модулін анықтайды. Тарау бойынша формулаларды біледі.
	«А-»бағасы	Молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясы мен температураның байланысын сипаттайды;МКТ негізгі теңдеулерін есептер шығаруда қолданады. Идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолданады;Тұрақты температура кезінде қысымның газ көлеміне тәуелділігін (Бойль-Мариотт заңы) анықтайды;Тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температураға тәуелділігін (Гей-Люссак заңы) анықтайды.Тұрақты көлем кезінде қысымның газ температурасына тәуелділігін (Шарль заңы) анықтайды; Газ заңдарын сандық және графиктік есептерді шығаруда қолданады.Бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолданады;Жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті формуласын есептерді шығаруда қолданады Гигрометр мен психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды; Сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі әдістермен анықтайды; Әртүрлі қатты денелердің мысалдарында кристалл және аморфты денелердің құрылысын ажыратады; Тарау бойынша формулаларды біледі.

«Жақсы» бағасы	«В+» бағасы	Молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясы мен температураның байланысын сипаттайды;МКТ негізгі теңдеулерін есептер шығаруда қолданады. Идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолданады;Тұрақты температура кезінде қысымның газ көлеміне тәуелділігін анықтайды;Тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температураға тәуелділігін анықтайды.Тұрақты көлем кезінде қысымның газ температурасына тәуелділігін анықтайды; Газ заңдарын сандық және графикалық есептерді шығаруда қолданады.Бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолданады;Жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті формуласын есептерді шығаруда қолданады Гигрометр мен психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды; Сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі әдістермен анықтайды; Әртүрлі қатты денелердің мысалдарында кристалл және аморфты денелердің құрылысын ажыратады; Тарау бойынша формулаларды біледі.
	«В» бағасы	Молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясы мен температураның байланысын сипаттайды;МКТ негізгі теңдеулерін есептер шығаруда қолданады. Идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолданады;Тұрақты температура кезінде қысымның газ көлеміне тәуелділігін анықтайды;Тұрақты қысым кезінде газ көлемінің температураға тәуелділігін анықтайды.Бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолданады;Жылу қозғалтқышының пайдалы әсер коэффициенті формуласын есептерді шығаруда қолданады Гигрометр мен психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды; Сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі әдістермен анықтайды; Әртүрлі қатты денелердің мысалдарында кристалл және аморфты денелердің құрылысын ажыратады; Тарау бойынша формулаларды біледі.
	«В-» бағасы	Молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясы мен температураның байланысын сипаттайды;МКТ негізгі теңдеулерін есептер шығаруда қолданады. Идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолданады;Бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолданады; Гигрометр мен психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды; Сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі әдістермен анықтайды; Әртүрлі қатты денелердің мысалдарында кристалл және аморфты денелердің құрылысын ажыратады; Тарау бойынша формулаларды біледі.

«Қанағаттанарлық» бағасы	«С»бағасы	Молекулалардың ілгерілемелі қозғалысының орташа кинетикалық энергиясы мен температураның байланысын сипаттайды;МКТ негізгі теңдеулерін есептер шығаруда қолданады. Идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолданады;Бір атомды және екі атомды идеал газдың ішкі энергиясының формуласын есептер шығаруда қолданады; Гигрометр мен психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды; Сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі әдістермен анықтайды; Әртүрлі қатты денелердің мысалдарында кристалл және аморфты денелердің құрылысын ажыратады;.
	«С-»бағасы	МКТ негізгі теңдеулерін есептер шығаруда қолданады. Идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолданады; Гигрометр мен психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды; Сұйықтың беттік керілу коэффициентін әртүрлі әдістермен анықтайды; Әртүрлі қатты денелердің мысалдарында кристалл және аморфты денелердің құрылысын ажыратады;
	«D+»бағасы	МКТ негізгі теңдеулерін есептер шығаруда қолданады. Идеал газ күйінің негізгі теңдеуін есептер шығаруда қолданады; Гигрометр мен психрометрдің көмегімен ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтайды; Әртүрлі қатты денелердің мысалдарында кристалл және аморфты денелердің құрылысын ажыратады; ;Шамалардың өлшем бірліктерін ішінара біледі.
«Қанағаттанарлықсыз» бағасы	«F»бағасы	Тақырып бойынша коспект жасайды, тақырыпты толық аша алмайды , тапсырманы оқытушы көмегімен орындайды

ОНЗ. «Электр және магнетизм» тарауы бойынша

Ағымдағы оқу нәтижелерін бағалау критерийлері

Сандық эквивалент	бағасы	Өлшеулер
«өте жақсы» бағасы	«А» бағасы	Электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолданады; Суперпозиция принципін электр өрісінің қорытқы кернеулігін анықтау үшін пайдаланады; Нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептейді; Электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолданады.Конденсатор сыйымдылығының оның параметрлеріне тәуелділігін анықтайды;Конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда

		қолданады;Электр өрісінің энергиясын есептейді. Аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану;Электр қозғаушы күші мен кернеу көзінің әртүрлі жұмыс режиміндегі (жұмыстық, бос жүріс, қысқа тұйықталу) байланысын зерттейді;Толық тізбек үшін Ом заңын қолданадыЭксперимент арқылы ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтайды;Тармақталған электр тізбегіне Кирхгоф заңын қолданады.Электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолданады. Әртүрлі ортада электр зарядын тасымалдайтын бөлшектердің түрлерін атайды; Металдардағы электр тогын сипаттайды және кедергінің температураға тәуелділігін талдайды;Жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіреді;Шамның қылсымының, резистордың және жартылай өткізгіш диодтың вольт-амперлік сипаттамасын зерттейді;Электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолданады;Электролиз үдерісіндегі электронның зарядын эксперимент арқылы анықтайды;Газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттайды;Электронды-сәулелік түтікшенің жұмыс істеу принципін және қолданылуын түсіндіреді. Магнит индукция векторының физикалық мағынасын заманауи техниканың жетістіктері арқылы ашады;Электр өлшеуіш құралдардың, электр қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіреді;Зарядталған бөлшектердің қозғалысына магнит өрісінің әсерін зерттейді;Заттың магниттік қасиеттері бойынша топтастырады және олардың қолдану аймағын анықтайды. Электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін талдайды;Электромагниттік индукция заңын есептер шығаруда қолданады;Механикалық және магнит өрісінің энергиялары арасындағы сәйкестікті жүргізеді;Қолданыстағы электрқозғалтқыштың моделін зерттейді және Фарадей заңы мен Ленц ережесін қолданып алынған нәтижелерді пайдалана отырып дәлелді түрде түсіндіреді
	«А-»бағасы	Электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолданады; Суперпозиция принципін электр өрісінің қорытқы кернеулігін анықтау үшін пайдаланады; Нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептейді; Электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолданады.Конденсатор сыйымдылығының оның параметрлеріне тәуелділігін анықтайды;Конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда қолданады;Электр өрісінің энергиясын есептейді. Аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану;Электр қозғаушы күші мен кернеу көзінің әртүрлі жұмыс режиміндегі (жұмыстық, бос жүріс, қысқа тұйықталу) байланысын зерттейді;Толық тізбек үшін Ом заңын қолданадыЭксперимент арқылы ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтайды;Электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолданады. Әртүрлі ортада электр зарядын тасымалдайтын бөлшектердің түрлерін атайды; Металдардағы электр тогын сипаттайды және кедергінің

		температураға тәуелділігін талдайды;Жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіреді;Электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолданады;Электролиз үдерісіндегі электронның зарядын эксперимент арқылы анықтайды;Газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттайды;Магнит индукция векторының физикалық мағынасын заманауи техниканың жетістіктері арқылы ашады;Электр өлшеуіш құралдардың, электр қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіреді;Зарядталған бөлшектердің қозғалысына магнит өрісінің әсерін зерттейді;Заттың магниттік қасиеттері бойынша топтастырады және олардың қолдану аймағын анықтайды. Электромагниттік құралдардың (электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін талдайды;Электромагниттік индукция заңын есептер шығаруда қолданады;Механикалық және магнит өрісінің энергиялары арасындағы сәйкестікті жүргізеді;Қолданыстағы электрқозғалтқыштың моделін зерттейді және Фарадей заңы мен Ленц ережесін қолданып алынған нәтижелерді пайдалана отырып дәлелді түрде түсіндіреді
«Жақсы» бағасы	«B+» бағасы	Электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолданады;Суперпозиция принципін электр өрісінің қорытқы кернеулігін анықтау үшін пайдаланады;Нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептейді; Электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолданады.Конденсатор сыйымдылығының оның параметрлеріне тәуелділігін анықтайды;Конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда қолданады;Электр өрісінің энергиясын есептейді. Аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану;Электр қозғаушы күші мен кернеу көзінің әртүрлі жұмыс режиміндегі (жұмыстық, бос жүріс, қысқа тұйықталу) байланысын зерттейді;Толық тізбек үшін Ом заңын қолданадыЭксперимент арқылы ток көзінің элерктр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтайды;Электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолданады. Әртүрлі ортада электр зарядын тасымалдайтын бөлшектердің түрлерін атайды;Металдардағы электр тогын сипаттайды және кедергінің температураға тәуелділігін талдайды;Жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіреді;Электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолданады;Электролиз үдерісіндегі электронның зарядын эксперимент арқылы анықтайды;Газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттайды;Магнит индукция векторының физикалық мағынасын заманауи техниканың жетістіктері арқылы ашады;Электр өлшеуіш құралдардың, электр қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіреді. Электромагниттік құралдардың(электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін талдайды;Электромагниттік индукция заңын есептер шығаруда қолданады;
	«B» бағасы	Электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолданады;

		Суперпозиция принципін электр өрісінің қорытқы кернеулігін анықтау үшін пайдаланады; Нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептейді; Электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолданады.Конденсатор сыйымдылығының оның параметрлеріне тәуелділігін анықтайды;Конденсаторларды тізбектей және параллель жалғау формулаларын есеп шығаруда қолданады;Электр өрісінің энергиясын есептейді. Аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану;Электр қозғаушы күші мен кернеу көзінің әртүрлі жұмыс режиміндегі (жұмыстық, бос жүріс, қысқа тұйықталу) байланысын зерттейді;Толық тізбек үшін Ом заңын қолданадыЭксперимент арқылы ток көзінің электр қозғаушы күші мен ішкі кедергісін анықтайды;Электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолданады. Әртүрлі ортада электр зарядын тасымалдайтын бөлшектердің түрлерін атайды;Жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіреді;Электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолданады;Газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттайды;Электр өлшеуіш құралдардың, электр қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіреді. Электромагниттік құралдардың(электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін талдайды;Электромагниттік индукция заңын есептер шығаруда қолданады;
	«В-» бағасы	Электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолданады; Суперпозиция принципін электр өрісінің қорытқы кернеулігін анықтау үшін пайдаланады; Нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептейді; Электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолданады.Конденсатор сыйымдылығының оның параметрлеріне тәуелділігін анықтайды;Электр өрісінің энергиясын есептейді. Аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек бөлігі үшін Ом заңын қолдану;Толық тізбек үшін Ом заңын анықтайды;Электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолданады. Әртүрлі ортада электр зарядын тасымалдайтын бөлшектердің түрлерін атайды;Жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіреді;Электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолданады;Газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттайды;Электр өлшеуіш құралдардың, электр қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіреді. Электромагниттік құралдардың(электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін талдайды;Электромагниттік индукция заңын есептер шығаруда қолданады;
«Қанағаттанарлық» бағасы	«С»бағасы	Электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолданады; Нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептейді;Электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда қолданадыЭлектр өрісінің энергиясын есептейді. Аралас жалғанған өткізгіштерден тұратын тізбек

		бөлігі үшін Ом заңын қолдану;Толық тізбек үшін Ом заңын анықтайды;Электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолданады. Өртүрлі ортада электр зарядын тасымалдайтын бөлшектердің түрлерін атайды;Жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіреді;Электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолданады;Газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттайды;Электр өлшеуіш құралдардың, электр қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіреді. Электромагниттік құралдардың(электромагниттік реле, генератор, трансформатор) жұмыс істеу принципін талдайды;
	«С-»бағасы	Электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолданады; Нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептейді;Электростатикалық өрісте күшті және энергетикалық сипаттамаларды байланыстыратын формуланы есептер шығаруда. Толық тізбек үшін Ом заңын анықтайды;Электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолданады. Өртүрлі ортада электр зарядын тасымалдайтын бөлшектердің түрлерін атайды;Жартылай өткізгіштердегі электр тогын сипаттау және жартылай өткізгіш құралдарын қолдану принципін түсіндіреді;Электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолданады;Газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттайды;Электр өлшеуіш құралдардың, электр қозғалтқыштың жұмыс істеу принципін түсіндіреді.
	«D+»бағасы	Электр зарядының сақталу заңы мен Кулон заңын есептер шығаруда қолданады; Нүктелік зарядтың электр өрісінің потенциалы мен жұмысын есептейді; Толық тізбек үшін Ом заңын анықтайды;Электр тогының жұмысы, қуаты және ток көзінің пайдалы әсер коэффициентінің формулаларын есептер шығаруда қолданады. Өртүрлі ортада электр зарядын тасымалдайтын бөлшектердің түрлерін атайды;Электролиттердегі электр тогын сипаттау және электролиз заңын есептер шығаруда қолданады;Газдардағы және вакуумдағы электр тогын сипаттайды;
«Қанағаттанарлықсыз» бағасы	«F»бағасы	Тақырып бойынша коспект жасайды, тақырыпты толық аша алмайды , тапсырманы оқытушы көмегімен орындайды

ОН-4. «Электромагниттік тербелістер» тарауы бойынша

Ағымдағы оқу нәтижелерін бағалау критерийлері

Сандық	бағасы	Өлшеулер
--------	--------	----------

ЭКВИВАЛЕНТ		
«өте жақсы» бағасы	«А» бағасы	Экперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен сипаттайды және гармоникалық тербелісті ($x(t)$, $v(t)$, $a(t)$) зерттейді. Еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын атайды;Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіреді;Компьютерлік моделдеу арқылы заряд пен ток күшінің уақытқа тәуелді графиктерін зерттейді. Физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен электр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттайды; R , L , C - дан тұратын айнымалы токтың тізбектелген электр тізбегін есептейді;Айнымалы токтың активті және реактивті қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіреді;Резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылуына мысал келтіреді;Генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттейді;Трансформатор орамасындағы орам санын эксперимент арқылы анықтайды;Қазақстандағы электр энергиясы көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалайды
	«А-»бағасы	Экперименттік, аналитикалық және графиктік тәсілмен сипаттайды және гармоникалық тербелісті зерттейді. Еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын атайды;Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіреді; Физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен электр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттайды; R , L , C - дан тұратын айнымалы токтың тізбектелген электр тізбегін есептейді;Айнымалы токтың активті және реактивті қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіреді;Резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылуына мысал келтіреді;Генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттейді;Трансформатор орамасындағы орам санын эксперимент арқылы анықтайды;
«Жақсы» бағасы	«В+» бағасы	Еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын атайды;Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіреді; Физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен электр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттайды;Айнымалы токтың активті және реактивті қуат ұғымының физикалық мағынасын түсіндіреді;Резонанс шартын түсіндіру және оның қолданылуына мысал келтіреді;Генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттейді;Трансформатор орамасындағы орам санын эксперимент арқылы анықтайды;
	«В» бағасы	Еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын атайды;Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістерді сәйкестендіреді; Физикалық шамаларды (период, жиілік, кернеу, ток күші мен электр қозғаушы күшінің максималды және әсерлік мәндері) қолданып, айнымалы токты сипаттайды;Айнымалы токтың активті және реактивті қуат ұғымының физикалық мағынасын

		түсіндіреді;;Генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттейді;Трансформатор туралы біледі;
	«B-» бағасы	Еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын атайды;Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер туралы біледі; Физикалық шамаларды қолданып, айнымалы тоқты сипаттайды;Генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттейді;Трансформатор туралы біледі;
«Қанағаттанарлық» бағасы	«C»бағасы	Еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын атайды;Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер туралы біледі; Физикалық шамаларды қолданып, айнымалы тоқты сипаттайды;Генератор моделін қолданып, айнымалы ток генераторының жұмыс істеу принципін зерттейді;Трансформатор туралы біледі;
	«C-»бағасы	Еркін және еріксіз тербелістердің пайда болу шарттарын атайды;Механикалық тербелістер мен электромагниттік тербелістер туралы біледі; Физикалық шамаларды қолданып, айнымалы тоқты сипаттайды;Генератордың құрылысын біледі.;Трансформатор туралы біледі;
	«D+»бағасы	Тараудағы анықтамалар мен формулаларды біледі.
«Қанағаттанарлықсыз» бағасы	«F»бағасы	Тақырып бойынша коспект жасайды, тақырыпты толық аша алмайды , тапсырманы оқытушы көмегімен орындайды

ОН-5. «Электромагниттік толқындар» тарауы бойынша

Ағымдағы оқу нәтижелерін бағалау критерийлері.

Сандық эквивалент	бағасы	Өлшеулер
«өте жақсы» бағасы	«A» бағасы	Ауадағы тұрғын дыбыс толқындарының пайда болуын зерттейді;Графикалық әдісті қолданып түйіндер мен шоғырларды анықтайды және тұрғын толқындардың пайда болуын түсіндіреді;Судың бетінде екі көзде пайда болған интерференцияны зерттейді;Гюйгенс принципін және механикалық толқындарда дифракциялық көріністі бақылаудың шарттарын түсіндіреді. Электромагниттік толқындардың пайда болу шарттарын түсіндіреді және олардың қасиеттерін сипаттайды;Жоғары жиілікті электромагниттік тербелістердің модуляциясы мен детекторлауды сипаттайды;Детекторлы радиоқабылдағыштың жұмыс істеу принципін түсіндіреді;

		Аналогтік сигналмен салыстырғанда сандық форматтағы сигналды берудің артықшылықтарын түсіндіреді.
